Государственный
академический театр танца
Республики Казахстан



Бізді stories-те белгіленіз!
@theatre_of_dance
Рақмет!

Отмечайте нас в stories
@theatre_of_dance

Спасибо!

KZ/RU

«Araily qala» балет-антиутопиясының либреттос

Жоба авторы – Ольга Мун
Хореограф – Лаура Макан
Композитор – Олег Жевлаков
Либретто авторы – Альмира Исмаилова
Қоюшы-суретші – Марк Куклин
Костюмдер бойынша суретші – Тамара Саид

Қара киімді Ер адам
Еламан Тиыштықбай
Қыз
Минами Ватанабэ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік академиялық би театрының балет әртістері.

Қалада адам төзгісіз аптап ыстық орнаған. Алып Күн мегаполистің төбесінде төніп, асфальтты ерітіп, тұрғындарды әлсіретуде. Адамдар бетон ғимараттардың көленкесіне тығылып, ыстықтан құтылудың амалын іздейді. Кенет қаладағы барлық экрандарда Қара киімді Ер адам пайда болады. Ол адамзатқа құтқару жолын ұсынып, «Мәңгілік тұтылу» жобасын таныстырады. Оның айтуынша, енді Күннің қажеті жоқ: әлем жасанды көленкенің астында өмір сүріп, аптаптан, құрғақшылықтан және азаптан арыла алады. Шынайы өмірдің орнына адамдарға шексіз мереке - мәңгілік рейв пен шектеусіз бабл-ти уәде етіледі. Көпшілік бұл ұсыныстy қуана қабылдайды. Сол сәтте Ай Күнді толық жауып, тұрғындар бірдей қара көзілдірік киеді. Шексіз рейв басталады. Неон жарығының астында адамдар электронды ырғаққа сіңіп, билей береді. Олардың арасынан тек бір Қыз ғана ерекшеленеді - ол қара көзілдірік тақпаған жалғыз жан. Пластик қалдықтарының арасынан ол белгісіз өсімдіктің кішкентай дәнін тауып алып, өзімен бірге алып кетеді. Қыз жаңа әлемнің жүрегі саналатын алып серверлік орталыққа тап болады.

Мұнда сервер қатарларының арасында ақ киімді қызметкерлер тұтылудың басталуын тойлап, қара пицца мен бабл-тиге байланысты оғаш рәсім өткізуде. Олар кеткен соң, Қыз құрғақ топырақ салынған ұмыт қалған гүл құмырасын тауып, оған дәнді отырғызады. Өсімдікті тірілту үшін топырақты сусынның қалдығымен суарады.

Кейін Қыз табылған қара көзілдірікті киіп, бабл-тиден дәм татады. Сол сәтте ол өзін таңғажайып кеңістікте көреді: айналасын сансыз тапиока шариктері қоршап алады. Бірте-бірте олар алып шарларға айналып, бүкіл кеңістікті толтырады. Солардың арасынан виртуалды шындықта адасып кеткен адамдар көрінеді. Қыз көзілдірікті шешіп, жасанды әлемнің қаншалықты қауіпті екенін түсінеді.

Ол жаңа әлемнің түрлі кеңістіктері арқылы саяхатқа шығады. Адамдар жаттығу құрылғыларында жүгіріп жүріп, цифрлық жағажайлар мен ормандарда «саяхаттайды». Олар қиялдағы торттың шамдарын үрлеп, туған күндерін атап өтеді. Махаббатты алгоритмдер жүйесі арқылы іздейді. Барлық жерде шынайы өмірді симуляция алмастырған.

Осы уақытта гүл құмырасындағы дән көктеп шығады. Серверлік орталықтағы ақау кезінде Қыз өсімдікті құтқарып қалады, бірақ оны Қара киімді Ер адам байқап қояды. Ол өсімдіктің өзі құрған әлем үшін қауіпті екенін түсінеді. Қуғын басталады.

Рейвке қайта оралған Қыз мерекенің тоталитарлық бақылау жүйесіне айналғанын көреді. Сервер қызметкерлері қадағалаушыларға айналып, ал халық кез келген даралықты басып-жаншитын біртұтас организмге ұқсап кеткен. Қыз өсімдікті қайтадан серверлік орталыққа алып келеді. Осы уақыт ішінде өсімдік қатты жайылып өседі. Оның өркендері сервер сөрелері мен желдеткіш шахталары арқылы өтіп, жарыққа ұмтылады. Қыз Күнді қайта әкелуге бел буады. Қара киімді Ер адам оны тоқтатуға тырысады. Қала тұрғындары екі жаққа бөлінеді, бірақ бұл текетірес ешкімге жеңіс әкелмейді.


Сонда Қыз Ер адамның қара көзілдірігін шешіп алады. Ол алғаш рет әлемді иллюзиясыз көреді және ұзақ ұйқыдан оянғандай күй кешеді.

Біріккен тұрғындар

Қызға тұтылудың көзін табуға көмектеседі. Ол күн сәулесін жауып тұрған жасырын қақпақты тауып, зор күш жұмсап ашады. Бөлмеге Күннің алғашқы сәулесі енеді. Адамдар қара көзілдіріктерін шешіп, ұзақ уақыттан кейін алғаш рет нағыз жылу мен жарықты сезінеді.

Қала біртіндеп өзгере бастайды. Сервер қалдықтарының арасынан өсімдіктер өсіп шығып, көшелерді көк шөп басады. Адамдар қайтадан шынайы өмір сүруді үйренеді: жаланаяқ серуендейді, доп ойнайды, күнге қыздырынып, аспанға қарайды. Қала қайтадан нұрға бөленіп, өзінің жарқын келбетін табады.

Либретто
балета-антиутопии
«Araily qala»



Автор идеи – Ольга Мун
Хореография – Лаура Макан
Музыка – Олег Жевлаков
Либретто – Альмира Исмаилова
Художник-постановщик
Марк Куклин
Художница по костюмам
Тамара Саид

Действующие лица:

Мужчина в черном
Еламан Тиыштыкбай

Девочка
Минами Ватанабэ

Артисты балета Государственного
академического театра танца
Республики Казахстан

В городе стоит невыносимая жара. Огромное солнце нависает над мегаполисом, плавя асфальт и лишая жителей сил. Люди прячутся в тени бетонных домов и безуспешно пытаются спастись от зноя.

Вдруг на всех экранах города появляется Мужчина в черном. Он предлагает человечеству решение — проект «Вечное затмение». По его словам, солнце больше не нужно: мир может существовать под искусственной тенью, избавившись от жары, засух и страданий. Вместо реальности людям обещает бесконечный праздник – вечный рейв с неограниченным бабл-ти. Толпа принимает предложение с восторгом. В этот момент Луна полностью закрывает Солнце, а жители надевают одинаковые черные очки.

Начинается бесконечный рейв. Под неоновым светом люди танцуют, растворяясь в электронном ритме. Среди них выделяется только Девочка – единственная без черных очков. Среди пластикового мусора она замечает маленькое семечко неизвестного растения и забирает его с собой.

Девочка попадает в огромную серверную – сердце нового мира. Здесь среди рядов серверов работники в белом празднуют наступление затмения, совершая странный ритуал с черной пиццей и бабл-ти. Когда они уходят, Девочка находит забытый горшок с сухой землей и высаживает в него семечко. Чтобы оживить его, она поливает почву остатками напитка. Надев найденные черные очки и попробовав бабл-ти, Девочка оказывается в странном пространстве, где ее окружают бесконечные шары тапиоки. Шарики превращаются в гигантские сферы, полностью заполняющие пространство. Среди них появляются люди, потерявшиеся в виртуальной реальности. Девочка снимает очки и понимает, насколько опасным стал этот искусственный мир.

Она начинает путешествие по пространствам нового мира. Люди бегут на тренажерах, путешествуя по цифровым солнечным пляжам и лесам. Они празднуют дни рождения, задувая воображаемый торт. Они ищут любовь через систему алгоритмов. Повсюду реальность подменяется симуляцией.

Тем временем в горшке появляется росток. Во время сбоя в серверной Девочка спасает растение, но ее замечает Мужчина в черном. Он понимает, что росток представляет угрозу созданному им миру. Начинается преследование.

Вернувшись на рейв, Девочка видит, что праздник превратился в систему тотального контроля. Работники серверной становятся надзирателями, а толпа — единым организмом, подавляющим любое проявление индивидуальности. Девочка уносит росток обратно в серверную.

За это время растение разрастается. Его побеги проникают сквозь серверные стойки и вентиляционные шахты, стремясь к свету. Девочка решает вернуть солнце. Мужчина в черном пытается остановить ее. Жители города разделяются на две стороны, но противостояние не приносит победы никому. Тогда Девочка снимает с Мужчины черные очки. Впервые он видит мир без иллюзий и словно пробуждается от долгого сна.

Объединившись, жители помогают Девочке добраться до источника затмения. Она находит скрытую заслонку, закрывающую солнечный свет, и с огромным усилием открывает ее. В помещение врывается первый луч солнца. Люди снимают черные очки и впервые за долгое время чувствуют настоящее тепло и свет.

Город постепенно преображается. Среди остатков серверов прорастают растения, улицы покрываются травой. Люди учатся заново жить в реальном мире: гуляют босиком, играют в мяч, отдыхают на солнце и смотрят в небо. Город вновь становится лучезарным.